

БІЛІМ

Өнімі мол өндірістік тәжірибе

Білімді шәкірт, білікті маман даярлауда білім мен ғылымның мүмкіндіктерін ұштастыра білетін Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты – киелі Торғай жеріндегі алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарының бірі. Өткен ғасырда іргестасы қаланған аталмыш оқу орны бүгінде жоғары деңгейдегі оқу ордаларымен үзентілес тұр. Бой көтерген тұстан бері қарай талай саңлақтарды түлеткен АрқПИ игі істердің бастамашысы болып келеді. Оның дәлелі – биылғы 2022-2023 оқу жылының басында Педагогика және филология факультетінің қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 4-курс студенттері мемлекеттік өндірістік тәжірибеден өтуге жолдама алдық. Тәжірибе жұмысының негізгі мақсаты – студенттердің педагогикалық қызметтің негізгі функцияларын меңгеруі, педагогикалық құзыреттілікті, кәсіби қасиеттерді қалыптастыру және дамыту, ғылыми байланыстарды жүзеге асыратын негізгі ұйымдардың, мекемелердің қызметімен таныстыру. Сонымен қатар ЖОО-да алған теориялық білімімізді тәжірибеде қолданудың әдістемесін меңгеру басты



талаптардың біріне саналды. Алғашында, біздің көкейімізде «өндірістік тәжірибеден не аламыз, тәжірибеден өтуіміздің себебі не?» деген сауалдар болды. Мұның жауабын өндірістік тәжірибе барысында ала отырып, ұстаздық қызметтің қыр-сырына қанықтық. Өйткені, аталған тәжірибе жұмысы үлкен игі істің бастауы болды. Тәжірибе барысында қазіргі оқушыларға дәстүрлі түрде сабақ өткізу қиынырақ екенін түсіндік. Оқушылардың қазақ тілі мен әдебиеті пәніне деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында – сыни тұрғыдан ойлау әдістерінен бөлек, интернетті-ресурсты бағдарламаларды тиімді қолдана білдік. Атап айтар болсам, «Wordwall»,

«ZIPGRADE», «Classtools», «Triventy», «JeopardyLabs», «Padlet» сынды мобильді-қосымшалары арқылы сабағымызды жаңаша бағытта ұйымдастыру оң нәтижесін берді. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артып, сабақ үлгерім көрсеткіштері жоғарылады. Тәжірибе барысында болашақ мамандығымызға сай бойымызға педагогикалық құзіреттілік пен кәсіби қасиеттерді қалыптастыра алдық. Төрт жылға жуық ұстаздардан меңгерген теориялық білімімізді практикада оңтайлы ұштастыра алдық. Сондықтан да өндірістік тәжірибенің біз үшін берген өнімі мол екендігін толықтай айта аламыз. Бар білімі мен білігін ұрпақ

жолына арнаған, кәсіби маман даярлау ісінде үздік көрсеткіштер көрсеткен кафедраның профессор-оқытушылар құрамы: Айбек Киікбайұлына, Базар Анасқызына, Ардақ Әмірханқызына, Қатира Мейрамқызына, Шынар Серікқызына, Гүлжан Кенжекейқызына, Бақыткүл Ағзамқызына, Айгүл Нағашыбайқызына айтар алғысымыз шексіз. Абыройларыңызды асқақтатын, мәртебелеріңізді өсіретін, биік шыңдарды бағындыратын шәкірттеріңіз көп боғай!

Балсая АБАТҚЫЗЫ,
АрқПИ-ның қазақ тілі мен әдебиеті білім бағдарламасының 4-курс студенті